



Бектөміні
«Ақтөбе облыстық
Нектар арнайы балабақшасы»
қоғамдық мемлекеттік мекемесінің
менгерушісі

А.О.Сейтова

» 2025 ж.

**2024-2025 оқу жылына арналған жазғы – сауықтыру кезеңінің зияты зақымдалған
«Балдаурен» мектепалды тобының перспективалық жоспары**

Өткізілетін шаралардың атаулары	Жұмыс мазмұны	Өткізу мерзімі
1-апта (02.06-06.06) «Бақытты балалық шақ»		
«Әрқашан күн сөнбесін!»	Балалар күні мерекесін ұйымдастыру: - балалар шығармашылығынан концерт; - асфальтқа сурет салу байқауы	02.06.2025ж
«Жазда да келді көңілді»	Балалармен табиғат құбылыстары туралы әңгімелесу (жаздағы маусымдық өзгерістер, балалардың киінуі, күн сәулесінің адамға, табиғатқа әсері, аспандағы бұлттар және басқа). Серуен кезінде балаларды табиғат көріністерін бақылауға үйрету және кері байланыс жасау. Табиғат туралы өлең оқып беру, жұмбақтар шешу. «Артық суретті тап» дидактикалық ойын.	03.06.2025ж
«Менің әлемім»	- «Менің сүйікті отбасым» тақырыбында балалармен серуенде әңгімелесу; - балалардың отбасында ата-анасымен, бауырларымен немесе жақындарымен бірге уақыт өткізгенде ойнайтын ойындары, спорттық жаттығулары, сайыстарының ішінен көпшілігіне таныс ойын түрін бірге ойнап көру және алған әсерлерімен бөлісу; - «Ата-ананы тыңдаймыз» әнін тыңдату және калауы бойынша балаға айтқызу.	04.06.2025ж
Кәусәр бұлақ	Балалардың көрген мультфильмдерінен алған әсерлерімен бөлісу, олардың қиялын, логикалық ойлауын, сөйлеу тілін дамыту мақсатында жетекші сұрақтар қою. «Бұл қай мультфильмнен?» пантомимика арқылы кейіпкерді табу ойынын ойнау.	06.06.2025ж

«Мен елімнің Ұланымын!»	«Менің Отаным – Қазақстан» тақырыбымен Отан туралы өлеңдерді жатқа айту челленджі. «Ұлттық ойын ойнаймыз, Біз жарысып ойнаймыз» Таза ауада ұлттық ойындар сайысын өткізу.	06.06.2025ж
2-апта (09.06-13.06) «Жас із-кесушілер»		
Жас із-кесушілер	«Кел, бірге сурет саламыз» Дәстүрлі емес сурет техникасымен сурет салу Қимыл-қозғалыс ойындары «Жалаушаны табу». «Із кесушілер деген кімдер?» жетекші сұрақтар қою арқылы балалармен әңгімелесу. Ертегіні оқып беру.	09.06.2025ж
Аңдар мен аңшылар	Альбом көру: «Аңдар» «Табиғатты қорғау» белгілерін дайындау. Сурет салу: «Менің сүйікті жануарым» және басқа тақырыптар (балалардың қалауын ескеру ұсынылады). «Кішкентай зерттеушілер» Құм және сумен тәжірибе Құрастыру: «Аңдардың үйшігі» құрылыс материалдарын пайдалану Қоршаған ортаны қорғау бойынша жаднама құрастыру. Қимыл-қозғалыс ойындары: «Қағып ал да, ата» (доппен)	10.06.2025ж
Мейірімді достарым	«Жануарлар әлемінде» Аңдар мен үй жануарлары туралы кітап көрмесін ұйымдастыру. Мысықтың өзіне күтім жасауын бақылау (жуыну). «Түлкінің туған күні» аудио ертегілер тыңдату, тыңдалған ертегінің мазмұнын айтқызу. Сергіту сәтінде аңдар мен үй жануарларының қимыл-қозғалысын қайталауға құрылған жаттығулар жасау.	11.06.2025ж
Саялы бақ	«Балабақша ауласында қандай ағаштар өседі?», «Ағаштарды өрттен қорға!» тақырыптарында балалармен әңгімелесу. Сурет, альбом, иллюстрацияларды қарау. Балабақшаның көкөністер бақшасына саяхат жасау. Ағаштарды бақылау, оларға күтім жасау. Ағаштар туралы әңгімелер, өлеңдер оқып беру, жұмбақтар шешу. Дидактикалық ойын: «Қай ағаштың жапырағы», «Тыңда да таны», «Қай ағаштың жемісі». «Жапырақтары жайқалған ағаштар» ағаштардың суретін салу.	12.06.2025ж

Сыр сандық	«Түлкі мен тырна» ертегі қойылымын сахналау. «Ең үздік қойылым», ойдан шығарылған ертегі қойылымын ұйымдастыру.	13.06.2025ж
3 - апта «Жаз да келді, көңілді (16.06-20.06)		
Сабын көпіршіктері күні	«Тазалық– денсаулық кепілі»Балалабақшада және үйде жеке бас тазалығын сақтау туралы әңгімелесу. Медициналық кабинетке саяхат. «Су тамшылары». Дәстүрлі емес сурет техникасымен сурет салу. «Дәрігер» сюжетті – рөлдік ойыны. «Қане, жұмбақ шешейік» Су әлемі туралы жұмбақтар шешу.	16.06.2025ж
Теніздегі тіршілік	«Су патшалығы» суреттер байқауы (ата-аналармен бірге). «Өзен, көлдер» альбомын безендіру. Сумен ойындар.	17.06.2025ж
Сүйкімді кірпі	«Менің ағзамның қорғаушысы», «Пайдалы және зиянды» әңгімелесу. «Кірпі мен қасқыр» ертегісін оқып беру. «Зиянды тағамдар» плакатын әзірлеу (ұжымдық жұмыс)	18.06.2025ж
Табиғат аясында	Жыл мезгілдері. Табиғат құбылыстары туралы ұғымдарды пысықтау. Жапсыру: «Күлімдейді күн маған»	19.06.2025ж
«Күн, ауа, су» ойын сауығы	«Сылдырайды мөлдір су» денсаулыққа ауа мен судың пайдасы, судағы қауіпті жағдайлар туралы тақырыптық әңгімелесу. «Жуыну әні» бірге қосылып орындау	20.06.2025ж
4 - апта «Қауіпсіз жаз» (23.06-27.06)		
Бағдаршам күні	Көше қозғалысы ережелерін қайталау. «Дымбілместің қала көшелеріндегі оқиғалары» сюжеттерді көрсетіп, бірге талдау. Жапсыру: «Бағдаршам» Балалардың ережелерді есте сақтауы үшін балабақша ауласында «көше қозғалысы» ойынын ұйымдастыру (ойыншық машиналар, қуыршақтар, құрастырғыш, жол белгілерін пайдалану).	23.06.2025ж
Пайдалы және зиянды өсімдіктер	«Дәрілік өсімдіктер» суреттерді карап, әңгімелесу. Жапсыру:«Жеміс-жидектер патшалығы» «Саңырауқұлақтар әлемі» мүсіндеу	24.06.2025ж
Марғаудың үйшігі	«Өжет өрт сөндірушілер» сюжетті-рөлдік ойыны.	25.06.2025ж

	Өрт кезіндегі тәртіп ережелері, «01 қызметі», өрт сөндірушілер қызметі туралы балалармен әңгімелесу	
«Қауіпті заттар мен құралдар»	Ойындар: «Өртке қауіпті заттар», «Өрт сөндірушіге не қажет?» «Болады-болмайды» дидактикалық ойын «Мен бастаймын сен аяқта» ойыны Балалармен тақырыпқа байланысты кері байланыс жасау	27.06.2025ж
Шебер қолдар	Теартландырылған қойылым атрибуттарының байқауы Балалармен бірге қойылымдар қою (саусақ театры)	30.06.2025ж
1 апта (01.07-05.07) «Гүлденген табиғат»		
Табиғатты қорғайық	«Табиғатпен біргеміз», балалармен қоршаған ортаны қорғау туралы әңгімелесу. Суреттер байқауын ұйымдастыру. Қимыл-қозғалыс ойыны: «Бақшадағы қояндар»	01.07.2025ж
Су әлемінде	Сумен шынығудың пайдасы туралы әңгімелесу. «Судың қасиеті» тәжірибесі, балалардың зерттеушілік қызығушылықтарына қолдау көрсету. Сумен ойындар.	02.07.2025ж
Ғажайыптар әлемі	Балалармен табиғат құбылыстары туралы әңгімелесу (жаздағы маусымдық өзгерістер, балалардың киінуі, күн сәулесінің адамға, табиғатқа әсері, аспандағы бұлттар және басқа). Серуен кезінде балаларды табиғат көріністерін бақылауға үйрету және кері байланыс жасау. Табиғат туралы өлең оқып беру, жұмбақтар шешу. «Артық суретті тап» дидактикалық ойын.	03.07.2025ж
Менің достарым	«Менің отбасым» отбасындағы сүйіспеншілік, сыйластық, мейірімділік туралы әңгімелесу. Адамдар бір-бірін жақсы көретінін ұғындыру, дос болуға баулу. «Қолғанат» Т.Жанұзақов.Көркем шығарма оқып беру. Сюжетті-рөлдік ойын «Тату-тәтті отбасы».	04.07.2025ж
«Сүйікті қалам - Астана»	«Елімнің жүрегі –Нұр-Сұлтан», әңгімелесу. «Астана» сәйкес ән тыңдату және бірге айту. «Бұл бақытты –мекен» асфальтқа сурет салу байқауы.	05.07.2025.ж

2 апта (07.07-11.07) «Анам, әкем және мен – тату-тәтті отбасы»		
Менің сүйікті кейіпкерім	«Менің сүйікті кейіпкерім» балалар мен ата-аналардың бірлескен әрекеті, дәстүрден тыс техникамен сурет салу сайысы: жүнмен, жіппен, саусақпен, алақанмен сурет салу. Салған кейіпкері туралы әңгімелеу.	07.07.2025ж
«Мерейлі отбасы»	«Әке көрген оқ жонар» зат қалдықтарынан әкелермен бірге бұйым жасау. Дайындалған бұйымдардан көрме ұйымдастыру. Ата-аналар мен балалардың бірлескен әрекеті, Абай Құнанбайұлының өлеңдерін жатқа айту челленджі.	08.07.2025ж
«Анам, әкем және мен – тату-тәтті отбасы»	«Әлди-әлди ақбөпем» челленджі, әжесінің бесік жыры. «Отбасымен демаламыз» Отбасының қызықты демалыс сәттерінен фотосуреттер көрмесін ұйымдастыру. «Отбасы – бақыт мекені» Таза ауада ата-аналар мен балаларының қатысуымен «отбасылық эстафета» спорттық сайысын өткізу.	09.07.2025ж
Ұлттық ойындар	Ұлттық ойындар фестивалі, қимыл-қозғалыс ойындары «Сақина салу», «Алтыбақан», «Ақ серек-көк серек», «Арқан тарту», «Тақия тастамақ», «Күш сынаспақ»	10.07.2025ж
Алтын сақа	-«Мен атамның көмекшісімін» тақырыбында әңгімелесу; -«Жеті атасын білу тектіліктің белгісі» жеті атаны жатқа айтудан сайыс ұйымдастыру; -«Ханталапай» ұлттық асық ойынын ойнату; -асықтан жасалған «денсаулық жолымен» жүргізу; -асықтан тізілген қолғаппен бір-біріне массаж жасату;	11.07.2025ж
3 апта «Жазғы сайыстар» (14.07-18.07)		
«Ұлы дала баласы»	«Жас спортшылар», балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес таза ауада жаттығу, шынығу. «Бәйге», «Арқан тарту», «Көкпар» ұлттық ойындарымен «Ұлы дала баласы» спорттық сайысын ұйымдастыру	14.07.2025ж
Жүгіреміз, зырлаймыз	«Біз шынығамыз» тақырыптарында әңгімелесу, балаға өз денсаулығын қорғаудың маңыздылығын түсіндіру. Жауапкершілікке, тиянақтылыққа үйрету (тісін тазалау, жуыну, қолын жиі жуу, тазалықты сақтау және басқа) «Кірқоймас» К.Чуковский оқып беру.	15.07.2025ж

	Таза ауада ұлттық ойындарды ойнау: «Ақ серек, көк серек», « Орамал тастамақ»	
Спорттық ойындар күні	Балалардың сүйікті қимыл-қозалыс ойындарын ойнату. Жаңа ойындарды үйрету. Қимыл-қозғалыс ойындарына атрибуттар әзірлеу. «Кел, санайық » Санамақтар жаттау.	16.07.2025ж
Менің көңілді добым	Балалармен әңгімелесу «Допты спорт түрлері». Доппен ойнау. Допты нысанаға лақтыру. Сурет салу «Сиқырлы доптар» Мүсіндеу «Менің көңілді добым».	17.07.2025ж
«Олимпиада алауы»	«Менің сүйікті спортым» тақырыбында балалармен әңгімелесу. Спорт туралы жұмбақтар, сұрақтар қою. Санамақтар мен өлеңдер жаттау. Спорттық жаттығулар жасату, ойындар ойнату (бадминтон, футбол, волейбол). Құрсаумен және секіртпемен ойнайтын ойындар. Ұлттық ойындар «Асық ойындары»	18.07.2025ж
4- апта «Ойын ойнап ән салмай, өсер бала бола ма» (21.07-25.07)		
Алтын балық	«Алтын балық» балықтар патшалығына саяхат жасау. «Балықтар әлемі», дәстүрлі емес сурет техникасымен салынған суреттер байқауы. Көркем шығарма оқып беру. Аквариумдағы балықтарды бақылау, жем беру. «Балық аулау» қимыл-қозғалыс ойынын ойнату.	21.07.2025ж
Ойланайық, балақай!	«Жайдары жаз», ермексазбен жұмыс. Жаз мезгілі туралы әңгімелесу арқылы балалардың түсінік-танымын кеңейту, алған білімдерін бекіту (кері байланыс). «Жаз мезгілі» табиғатты бақылау.	22.07.2025ж
Гүлдер күні	Гүлдер туралы әңгімелесу, жұмбақтар шешу. «Құлпырған әлем» шығармашылық шеберханасының жұмысын ұйымдастыру, балалардың қалауы бойынша жеке немесе топтасып, әртүрлі материалдардың көмегімен бұйымдар жасау.	23.07.2025ж

	Педагог бақылап, қажет болса көмек көрсетеді (аппликация, оригами, квиллинг, жапсыру және басқа әдістермен). Жұмыстар дайын болғанда көрме ұйымдастыру, бір-біріне және ата-аналарына сыйға тартуға ұсыныс беру. «Бағбан» сюжеттік-рөлдік ойыны, гүлзарларды, гүлбағын қопсыту, суару, тазалау.	
Жәндіктер әлемі	Танымдық әңгіме. «Жәндіктердің тіршілігі» Серуен кезінде табиғаттағы жәндіктерді бақылау, балаларға жетекші сұрақтар қоя отырып, көрген-білгенін сұрау. Балалармен әңгімелесу, улы жәндіктердің суреттерімен таныстыру, олардан қорғану туралы айту. Таза ауада ұлттық ойындарды ойнау: «Соқыр теке», «Айгөлек», «Күш сынаспақ».	24.07.2025ж
«Туған өлкем»	«Қазақстан – туған өлкем» тақырыбында сурет бойынша әңгіме. Баланың бойында туған жеріне, еліне деген мақтаныш, сүйіспеншілік сезімін ұялату. Өн тыңдатып, тақпақ айтқызу. Балаларға туған өлке туралы естеліктерден үзінді айтып беру, бірге фотоальбомдар қарау	26.07.2025ж
5-апта «Менің достарым» (28.07-01.08)		
Әдептілік – әдемілік	«Менің жақсы істерім» әдептілік туралы әңгімелесу. «Әдепті бала», балалармен бірге қысқа диалогтарға құрылған көріністерді ойнату арқылы, оның бойында әдептілік қалыптастыру. «Әдептілік әліппесі. М.Әлімбаев» Көркем шығарма оқып беру. Дидактикалық ойын «Досыма достық лебізім». Сюжетті-рөлдік ойын «Сән салонь».	28.07.2025ж
Достық күні	Балада дос, достық туралы түсінік қалыптастыру. Достық қарым-қатынасты сипаттайтын қысқа диалогтік көріністерді бірге ойнай отырып, баланың санасында «достық» ұғымын нығайту. Достық туралы ән тыңдау, бірге айту. Жапсыру «Досыма сыйлық»	29.07.2025ж
Мейірімділік күні	Денсаулық, салауатты өмір салты, мейірімділік туралы әңгімелесу. «Ертегі кейіпкерлерінің жақсы істері» ертегі еліне саяхат, пікірталас.	30.07.2025ж
Түрлі-түсті кемпіркосақ күні	«Қала үстіндегі шарлар» ойын-сауығы: үрленген шарлармен эстафеталар өткізу. «Көңілді шарлар» шарларға сурет салу, ең көңілді шар конкурсы. Түрлі-түсті шардан кемпіркосақ жасау.	31.08.2025ж
Достық аллеясы	«Тату-тәтті балалар» Табиғи материалдардан құрастыру. Мүсіндеу «Достық бағы»	01.08.2025ж

	Ұлттық ойындарды ойнату: «Түйілген орамал», «Арқан тартыс», «Білектесу», «Алтын сақа».	
1 - апта «Ас атасы – нан» (0.408-08.08)		
Алтын дән	- Дәндер патшалығына саяхат: суреттер мен альбомдар қарау. - «Ақ бидай» Ө.Қанахин. Көркем шығарма оқып беру, тыңдалған мәтіннің мазмұнын айтқызу; - «Ажыратып, санаймыз» ыдыстағы дәндерді түрлеріне қарап ажыратып әр ыдысқа бөлу; бөлінген дәндерді санау; - табиғи материалдармен, ермексазбен жұмыс «Дәндер патшалығы»	04.08.2025
Нан - дастархан байлығы	- «Нан - дастархан байлығы» әңгімелесу; шығарма оқып беру, тыңдалған шығарманың мазмұнын айтқызу; - нан қиқымымен ауладағы құстарды қоректендіру және оларды сыртынан бақылау; - «Тәтті нан» нанның суретін салу. - «Тоқаштар» ермексаздан мүсіндеу.	05.08.2025ж
Нан болса ән де болады	- Нанды қолдан пісіруден анасы мен баласының, әжесі мен немересінің бірлескен әрекетінен алдын-ала дайындалған челлендж материалдарын қарау; - «Наубайхана» жұмысымен таныстыру; - «Аспазшы» сюжетті рөлдік ойынын ойнату;	06.08.2025ж
Егіс алқабында	- «Алқапта не өседі?» әңгімелесу, шығарма оқып беру; - «Біз кішкентай көмекшіміз» ауладағы гүлдер мен қызанаққа күтім жасауда қарапайым тапсырмаларды орындату; - «Ғажайып дәндер» ұжымдық жұмыс: дайын суретті дәндермен безендіру	07.08.2025ж
Жемістер мен көкөністер	- «Жемістер мен көкөністер» фестивалі; - Жұмбақтар мен тақпақтар ; - Жапсыру «Менің дәмді достарым»; - «Кім күшті?» жемістер мен көкөністерді сумен жуып, жеуден сайыс ұйымдастыру.	08.08.2025ж
2 - апта «Мен және қоршаған орта» (11.08-15.08)		
Менің нәзік достарым	- Гүлдер, оларға қамқорлық жасау туралы әңгімелесу, шығарма оқып беру; - түрлі-түсті қағаздан гүлдер жасау (қолдың ұсақ моторикасын дамыту үшін квиллинг әдісін қолдану); - ұжымдық шығармашылық жұмыс: дайын және жасалған гүлдерді жолаққа орналастырып жапсыру, ауладағы өз тобының ойын алаңын безендіру;	11.08.2025ж

	- «Гүлге оранған арулар мен балалар» байқауын өткізу (ән айту, би билеу)	
Менің адал достарым	- «Мақта қыз бен мысық» Ыбырай Алтынсарин.Шығармасын оқып бер, әңгімелеу - «Менің достарым»шығармашылық шеберханасы: сурет салудың дәстүрден тыс түрі жүннен, мақтадан, түймелерден және т.б. өзінің достарының бейнесін қағазға жапсырып жасау; - «Менің досыма тілегім»сүйікті достарына арнап тілектерін айтқызу	12.08.2025ж
Саясында шатырдың	- Қоршаған орта туралы сұрақ-жауап ұйымдастыру; - отбасылық биден әзірленген челлендж материалдарын қарау; - балаларды өздері таңдаған әуендеріне билету.	13.08.2025ж
Ханталапай	- Ұлттық ойындар туралы әңгімелеу. - асықтарды дайын бояулармен бояу, безендіру. - ұлттық қимылды ойындардан сайыс ұйымдастыру.	14.08.2025ж
Алуан-алуан кәсіп бар, таңдай біл де, талап қыл!	- Мамандық түрлері олардың атқаратын қызметі туралы әңгімелесу; -«Құрылысшы» Ш.Садыханов. «Теміржолшы» Ж.Кенебаев. «Егінші» Н.Жанаев. «Тәрбиеші» Ф.Оңғарсынова түрлі мамандық туралы өлең оқып беру және оның мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру; - мамандықтар туралы еркін тақырыпта сурет салу; - Сурет салу: «Кім болам?» - сюжетті рөлдік ойын ойнату: «Шаштараз»	15.08.2025ж
3 - апта «Өнер көзі халықта» (18.08-22.08)		
Қуыршақ театры	- Қуыршақ театр қойылымын тамашалау, көрген қойылымның желісі мен ондағы кейіпкерлер туралы әңгімелесу; - «Менің сүйікті достарым» ертегі кейіпкерлерінің костюмдерінің элементтерін қағаздан жасап дайын кейіпкер бейнесіне жапсыру;	18.08.2025ж
Сөз асылы шешендік	- Алдын-ала әзірленген «Ерте, ерте, ертеде....» әжемнің ертегісін тыңдайық - «Ертегілер әлеміне саяхат» сүйікті ертегілерді айтқызу; - «Мен бастаймын, сен жалғастыр», мақал-мәтел айтудан сайыс ұйымдастыру	19.08.2025ж
Алуан-алуан кейіпкер бар	- Мүсіндеу:«Менің сүйікті кейіпкерім» ермексаздан мүсіндеу - өзі қолдан жасаған кейіпкерінің образына еніп оның даусымен дыбыстау, сөйлеу; - «Кішкентай ақылды балапан»ертегісін тыңдату, ондағы кейіпкерлер туралы өз ойларын айтқызу.	20.08.2025ж

Өнерлі өрге жүзер	- «Оюлар сыры» ата-аналармен бірлескен әрекетте алдын-ала үйде әзірленген ұлттық оюлардың көрмесін қарастыру және жасалған бұйымдар туралы әңгімелесу; - «Шешуін кім табады?» тақырыпқа сәйкес жұмбақтар шешкізу; - Таныс әндерді айтқызу.	21.08.2025ж
Ел іші – өнер кеніші	- «Ертегі атрибуттарын бірге дайындайық» театрландырылған қойылымдар қою үшін атрибуттарды орналастыру; - қойылым желісін ойластыру; - рөлдерді ортақ келісіммен бірге таңдау; - қойылымды қою.	22.08.2025ж
4-апта «Ғажайыптар әлемінде» (25.08-29.08)		
Балабақшам өз үйім	- «Менің балабақшам», жазғы сауықтыру кезеңінде алған әсерлері туралы балалармен серуенде әңгімелесу; - тақырыпқа сәйкес асфальтқа ұжымдық сурет салуға жұмылдыру, салған суреттері бойынша өз ойларын айтқызу; - тәрбиеші, медбике, тәрбиеші көмекшісі, музыка жетекшісі, денешынықтыру жетекшісі, аспазшы және т.б. рөлдерінде бөлініп, рөлдерді өздігінен таңдап, ойнауға мүмкіндік беру	25.08.2025ж
Бір, екі, үш бойға жинап күш	- Дене шынықтырудың пайдасы туралы әңгімелесу; - балалардың өздеріне ұнайтын жаттығуларды жасата отырып, спорттық ойындарды бірлесіп таңдатып, ойнату; - Топ ойын алаңындағы гүлдерге күтім: шөп жүлу, суару. - ұлттық ойын «Бәйге» ойынын ойнату.	26.08.2025ж
Менің Қазақстаным	- «Менің Отаным – Қазақстан» Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің 30 жылдығы, туған өлкенің көрікті жерлері мен табиғаты туралы әңгімелесу; - «Елім менің» тақырыбында «Мен бастаймын сен жалғастыр» ойыны арқылы алдын-ала әзірленген ата-аналар мен балалардың оқыған өлеңдерінің видеоматериалдарын көрсету, сол материалдардың ішінен ұнағандарын бірлесіп таңдату.	27.08.2025ж
Алтын сақа	- «Мен атамның көмекшісімен» тақырыбында әңгімелесу; - «Жеті атасын білу тектіліктің белгісі» жеті атаны жатқа айтудан сайыс ұйымдастыру; - «Ханталапай» ұлттық асық ойынын ойнату. - асықтар тізілген қолғаппен бір-біріне массаж жасату.	28.08.2025ж
Конституция күні	- Адалдық, достық, тәртіп туралы әңгімелесу;	29.08.2025ж

	-аталған тақырыпта балаларға ойын жағдаяттарын құру және оны дұрыс шешуге итермелеу; - Жапсыру: байрақтың дайын бейнесін жұмсақ қағаз қиындыларымен безендіру; «Ата заңым айбыным» Қазақстан Республикасы Конституциясы күніне арналған мерекелік концерт ұйымдастыру.	
--	---	--